

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҒТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
“ФИЛОЛОГИЯ” ФАКУЛЬТЕТІ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” КАФЕДРАСЫ


Дипломдық жұмыс тақырыбы:
**А.Сүлейменовтің көсемсөз
жанрында жазған еңбектері**

ОРЫНДАҒАН:

Бейбітбек А.Б..

ТОБЫ: ФИ-13-1к1

ЖЕТЕКШІ: Қалшабек А.Б.



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

I КӨСЕМ СӨЗ ЖАЙЛЫ ТҮСІНІК

Қазақ көсем сөзінің дамуы

«Қазақ» газеті мен «Айқап» журналындағы көсемсөздің рөлі

II Асқар Сүлейменов – көсем сөз шебері

2.1 Асқар Сүлейменовтің қазақ көсем сөзіне қосқан үлесі

2.2 «Шашылып түскен тіркестер» атты ой толғамын талдау

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

03

Көсем сөз (публицистика, лат. publicus – қоғамдық) – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы.

Көсемсөздің мақсаты – нақтылы әлеуметтік, экономикалық, саяси һәм философиялық мәселелерді көтере отырып, өз кезеңіндегі қоғамдық ойға ықпал жасауға осы көздеген мақсатқа орай оның өзіндік стилі қалыптасады. Ол стильге «сендіру», «иландыруға» бағытталған тәсілдер тән

Ол жағынан көсемсөзде шешендік өнердің ізі көрініп-ақ тұр. Көсемсөз мерзімді басылым бетіндегі көптеген жанрларға бірдей байланысты ұғым болып табылғандықтан, публицистер оны жеткізу ыңғайына қарай, кейде мақала, эссе, кейде помфлет, не фельетон түрінде де жазып, жариялап отырады.

04

эссе

Қо-
йын-
жазба

Пам-
плет

Фель-
етон

Газет-
тік
мақа-
ла


Көсем сөз – қоғамдағы ең керектіні тауып, жұртты өзіне қаратпақ оймен жазылатын көркем шығарма түрлері. Кейбір ұсақ эпостық жанрларды осы көсемсөз тобына қосып айтпақпыз.

күнде
лік,

Анек-
дот

Һашия

очерк

- 
- «Көсемсөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да, көсемсөз деп аталады. Көсемсөз өз кезегіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып, істеу ждәһатымен айтылады. Сонымен қатар, ғалым көсемсөздің шешен сөзден айырмашылығы оның жазуымен айтылатын, ал шешен сөздің ауызбен айтылатындығында екенін көрсетеді».

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы,



қыпатын адасм көпті көрген білімді адам боларға керек.

- «Әйтпесе, дүмше молда сияқты көбі көсемдік қыламын деп әлеуметті адастырып, пайда орнына зиян келтірмек»

Етістікке болымсыздық мағына беріп тұрған грамматика
Қаламгерлеріміздің 20-жылдардағы қазақ баспасөзінде жарияланған
еңбектері ұлттық көсем сөздің алғашқы үлгілері ретінде қарастырылып,
замана тынысын суреттеп берді. Қазақ публицистикасының тарихында
«Қазақ» газетімен «Айқап» журналының алатын орны ерекше

1911 жылғы 10 қаңтарда Троицкіде
қазақ халқының тарихындағы тұңғыш
«Айқап» ұлттық журналының бірінші
нөмірі шықты.

«Қазақ» газетінің алғашқы саны 1913
жылғы ақпанның 2-сінде жарық көрді
де, 1915 жылдан аптасына екі рет
шығатын болды.

«Айқап» журналы 1911 жылғы қаңтардан 1915 жылғы қыркүйекке дейін әуелгіде айына бір рет, ал сонан соң екі рет шығып тұрды. Барлығы 89 нөмірі шықты, таралымы 1000-2000 данаға дейін жетіп, 12-24 бет көлемінде шығып тұрды. «Айқап» журналы ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды.

«Айқаптың» бірінші бетінде елдегі жаңалықтар ресми хабарлар, екінші және үшінші беттерінде «Ашық хат» деген айдармен оқырман хаттары басылып тұрды. Төртінші, бесінші, алтыншы беттерінде проблемалық мақалалар берілді.

Іс жүзінде Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың ағартушылық идеялары негізінде дамып келе жатқан қазақтың қоғамдық ой-пікірінің, әдебиетінің, публицистикасының прогресшілдік және демократиялық дәстүрлерін жалғастырған ілгері дамытқан журнал болды.

Журналдың тілшілері 1911-12 жылдары Әкірам Ғалымов, 1913-1914 жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Журналдың арнайы тілшісі 1911-1913 жылдары Мұхаметсәлім Кәшімов болды. Әр уақытта автор болып А.Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Б.Майлин, С. Дөнентаев, С.Ғаббасов, М. Жолдыбаев, Т.Жомартбаев, М.Жұмабаев, т.б. болды.

Ғұмыры небәрі алты жылға созылған «Қазақ» газетінде жоғарыда аталып өткен қаламгерлеріміз тұрақты автор болып, ұлттық сананың оянуына жол салды.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін: «Халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» деп танып, зиялы қауымның басын жиып, ұлт пен жер оқу-ағарту мәселелерін көтеруге шақырды, әрі осы мақсатта аянбай қызмет етті.

Белгілі ғалым, тарих ғылымының докторы К.Нұрпейіс те бұл басылымның ұлт тарихында ерекше орын алатынын мына пікірімен сипаттап берді: «Міржақыптың «Оян қазағындағы», Ахметтің «Масасындағы» ұлттық намысты қайрау, халық санасын ояту идеялары «Қазақтың» беттерінде нақтыландырыла, өткірлендіріле түсті. Осы арқылы олар халық арасында орталқы езгіге қарсы саяси хал-ахуалды қалыптастырды»

Асқар Сүлейменов 1938 жылы 29 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Бабай ауылында туған. Балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарына тұспа-тұс келеді. Әкесі Сүлеймен арабша молдадан хат таныған, жаңаша да сауатты болған колхозда есепші болып еңбек етеді. Кітап оқиды, көне жыр-аңыздарды жатқа айтады. Домбыра шертіп күй тартқан. Асқардан бұрын екі ағасы болған, олар өмірден ерте қайтып кетеді.

- Бұйрығыңыз орындалды! – деді, көзін жыпылы Асқар Сүлейменов – ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әдеби толқынға қатысты тұлға. қтатып тұрып. Төмен қарап, қозғалмай отырып қалды (С.Е.).

ЕХХ ғасырдың екінші жартысындағы әдеби кезеңнің төл перзенті болып табылар Асқар Сүлейменовтің шығармашылығын саралау – осы кезеңдегі әдеби процессті түсініп игеруге жол ашар іргелі қадам ндеше, осы естіген, көрген жайдан жыр туғызса не етеді. Өлтірткен Кеңгірбай (М.Ә.).

Жазушының бүкіл ғұмырына тән дерлік үш қасиет бірлігін айта кеткен жөн болар:

Біріншісі – таланттың мәңгі ізденісін талғампаздығы, бір сәт тынбай, білімге қанбай, дидарға тоймай, көңілге

бүкіл ұлылығына құлауы және қайтарымы жоқ ортадан оға таппай көңілінде бір суық мұңның кетуі.

Екіншісі – өмірге, адамға жай ғана құштар болмай, өзінде бар озықтыққа, іріден іріктеп, ұлыдан

дараланып, ғасырына өз қолтаңбасы мен қайталанбас бейнесін қалыптастырып кеткені.

Қаламгердің бойынан біз таныған үшінші қасиет –

жүрегі, арудай арлылығы, сәбидей қорғансыздығы.

- Асқар Сүлейменов бітім болмысы бөлек, жаратылысы ерек жан болатын. Ол шешен де, көсем де болып күн кешкен ата-бабаларының ең ғажап дәстүрлерін бойына сіңірді. Қысқа қайырып тереңнен толғайтын дағдысынан ешқашан жаңылмаған.
- «Шашылып түскен тіркестерге» жанр жағынан қойынжазба деп айдар тағуға болады. Қазақ әдебиетінде қойын жазба жазбайтын жазушы жоқ десе де болады. Олардың шеберлігі жағынан біршама жетістікке жеткендері де бар. Алайда, А.Сүлейменовтің аталмыш шығармасының бұл жағдайда өзіндік ерекшелігі бар.
- А.Сүлейменовтің «Шашылып түскен тіркестері» - тұтас бас-аяғы жинақы күрделі композициялық құрылымға ие дүние. Бұл шығарманың архитектуралық қалпы. Тіл қолданысына келсек, жазушы тілі – өте шебер, әрбір сөйлемін үлкен поэтикалық салмақ бере отырып сомдайды.
- Жазушының бұл орайда қолданылатын негізгі құралдары – афоризмдік құнарлы ой дәні, риторикалық сауал, ерекше толқынды инверсия. Бір сөзбен айтқанда, жазушы қойын жазба түріндегі шығарманы стильдік деңгейге көтерген.

- Біздің кейбір жазушылар әлі күнге шейін тек көлемді шығармаларды ғана сыйлайды. Бәрі Гомер, Фирдоуси болғысы келеді. Ал, нағыз шығармаға көлемді болу міндетті емес. Жапонияда бір-екі хайкуымен тарихта қалған ақындар бар. Сол сияқты Асекеңнің афоризмдері - оның философиялық кредосын ашатын айтулы шығарма.
 - Келер қазақтың да ішетін уы мен балы – Абай.
 - Қазақтың 2 жауы бар. Бірі – дос жауы Абай, қалғандары – қас жауы.
 - Текстің дәмін алудың төте жолы – талмай оқу.
 - Некен саяқ авторларда болмаса, публицистикамен қойын жазба стильдің жүгін көтермейді.
 - Сапаға айналмаған сан жеме-жемге келгенде сан болудан қалады.
 - Бота бағу, бала бағу – қайсысы қиын?

- Шығармадағы үлкен бір жаңалық – дін тақырыбы.
- «Мен дінге сенбейтін – діндәрмын». Эйнштейн.
- Құран. Сура №112, Әль-Ихлас Меккеде аян болған 4 аят. 1. Алла жалғыз. 2. Ол өлмес дүр. 3. Тумағанда тудырмаған ешкімді. 4. Ешкім оған тең келмес дүр.
- Человек предполагает, Бог располагает. Адамның ойындағы – Құдайдың қолында.
- Дін құрыса тіл сақтайды, тіл құрыса үн сақтайды, бәрі құрыса діл сақтайды. (Иахуди-еврейлер, мысалы). Дін, тіл, діл тізе қосқанда оны оқ қана жеңеді.

Көсем сөз - ақиқат өмірдің сырлы суреті, оның арқауы - шындық, нысаны – өмір, зерттеу негізі – адам. Бір сөзбен айтқанда, оқырманға өмір шындығын жеткізу.

Асқар Сүлейменовтің “Шашылып түскен тіркестердің” өзі-ақ, оқырманын ойландырып, зерттеу жұмысының негізгі нысанына айналды.

Көсем сөздің арқауы шындық деп айтқанымыздай, А.Сүлейменовтің ой-толғамдарында замана шындығы, қоғамдағы қақтығыстар тайға таңба басқандай анық суреттеліп тұр.

